ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
Қ. МИХАМЕДХАНОВ КӨШЕСІ, 8 ҮЙ

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505

№ 3441
«15» 09 2026 жыл

2026 жылғы 11 қыркүйектегі білім беру ұйымдары басшыларының жиналысы бойынша хаттамалық тапсырманы жұмыс үшін жолдаймыз.

Қосымша 2 парақта.

Бөлім басшысының м.а. **А. Нуралдинов**

2026 жылғы 11 қыркүйектегі білім беру ұйымдары басшыларының жиналысы бойынша хаттамалық

ТАПСЫРМА

Төрағалық еткен: бөлім басшысының м.а. А. Нуралдинов
Мектеп директорларына:

1. Жас педагогтерге тәлімгер бекітіп, олардың бейімделуіне және кәсіби қалыптасуына қажетті жағдай жасау.

2. Қолда бар педагогтердің жүктемесін тиімді ұйымдастыру.

Кадр тапшылығын уақытша шешу мақсатында оқу жүктемесін қолданыстағы талаптарға сәйкес әділ әрі тиімді бөлу қамтамасыз етілсін.

3. Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау.

Әрбір мұғалімнің кәсіби қажеттілігі зерделеніп, біліктілікті арттыру курстарына, әдістемелік қолдауға және кәсіби даму шараларына қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. Зейнеткерлік жасқа толған адамдарды зейнетке шығару.

5. Кадр тапшылығы бойынша ақпаратты тұрақты жаңартып отыру.

Мектеп директорлары кадр қажеттілігі туралы мәліметтердің өзектілігін қамтамасыз етіп, өзгерістер болған жағдайда білім бөліміне уақтылы ақпарат ұсыну.

6. Педагогтерді жұмысқа қабылдау кезінде өткізілген вакансия конкурстарының №57 бұйрықта белгіленген талаптарға сәйкес қабылдануы қамтамасыз етілсін.

7. «Жеке қауіпсіздік» бойынша педагог-психологтардың сабақ беруін қамтамасыз ету.

8. Педагогтер арасында педагогикалық әдеп нормаларының қатаң сақталуын қамтамасыз ету, педагогтің кәсіби мінез-құлқына, әріптестерімен, білім алушылармен және ата-аналармен қарым-қатынасына қойылатын талаптардың орындалуы бақылауға алынсын.

9. Педагогтің жоғары мәдениетті тұлға ретіндегі кәсіби мәртебесін ескере отырып, әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде әдеп нормалары мен педагогикалық мәдениетті сақтау, кәсіби беделге нұқсан келтіретін, әдеп талаптарына сәйкес келмейтін фото және бейнематериалдарды ашық жарияламау жөніндегі талаптарды педагогтерге түсіндіру және бақылауды қамтамасыз ету.

10. Басқа тұлғалардың келісімінсіз олардың фото және бейнематериалдарын WhatsApp мессенджеріне, әлеуметтік желілерге және басқа да интернет ресурстарына қасақана жариялауға және таратуға жол бермеу. Әріптестердің сондай-ақ білім алушылар арасында ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

11.Барлық педагогтердің еңбек тәртібін сақтауын, жұмыс уақытының тәртібін, лауазымдық міндеттерін және ішкі еңбек тәртібі талаптарының орындалуы қамтамасыз етілсін.

12. Мектептегі моральдық-психологиялық ахуалды тұрақтандыру, болдырмау, педагогтер арасындағы келіспеушілік, шиеленістердің және ұжымдағы қолайсыз жағдайлардың алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдау.

13. Мектеп қызметіне кері әсер ететін резонанстық жағдайлардың алдын алу, олардың туындауына ықпал ететін себептерге жол бермеу және әрбір жағдай бойынша уақтылы басқарушылық шешім қабылдау .

14. Білім алушылардан, ата-аналардан және педагогтерден ақша жинау фактілеріне жол бермеу.

15. Инклюзивті білім беруге ерекше көңіл аудару.

16. 10 күннен артық сабақтан қалған оқушыларды алгоритмге сәйкес бақылауға алу.

Орындау мерзімі: тұрақты негізде.

Тәрбие бойынша

1. «Адал азамат» бағдарламасы және «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының негізгі бағыттарына сәйкес білім алушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, адамгершілік құндылықтарды насихаттау және қоғамдық жауапкершілікті арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейту. Осы бағытта профилактикалық іс-шараларды, түсіндіру жұмыстарын, тәрбиелік кездесулер мен құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын. Құқық бұзушылық жасауға бейім тұлғалармен профилактикалық жұмыстарды күшейту, оларды тұрақты бақылауда ұстау және жеке профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын;

2. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу, құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған кездесулер мен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын;

3. Отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың, зорлық-зомбылықтың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша тиісті қызметтердің өзара іс-қимылы күшейтілсін;

4.Қоғамдық орындарда құқықтық тәртіптің сақталуына бағытталған профилактикалық рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру және анықталған құқық бұзушылықтар бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау.

5. Құқық бұзушылыққа әкелетін негізгі себептер мен жағдайларға талдау жүргізіп, оларды жою бойынша нақты ұсыныстар енгізілсін;

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарын» басшылыққа алу және білім алушылардың мектеп формасына қойылатын белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз ету.

Орындау мерзімі: тұрақты негізде.

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2026 жылғы 16 мамырдағы «Оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі» Жарлығын жүзеге асыру, сондай-ақ «Кітап оқитын мектеп» бағыты бойынша республикалық, облыстық марафонға оқушылар мен мұғалімдердің қатысуын қадағалау .

Орындау мерзімі: 2027 жылғы мамыр айына дейін.

1.Мектеп аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын жүйелі түрде ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету.

2.Мектептің ішкі және сыртқы аумағын үнемі таза әрі санитарлық талаптарға сай қамтамасыз қамтамасыз ету.

3. Жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамыту, ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасау.

Бөлім басшысының м.а. **А. Нуралдинов**

Н. Байсарина